

**Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 28 қазандағы N 419 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1698. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 375 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 375 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің тарату комиссияларының қызметіне бақылауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және нұсқаулық пен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату ісін бақылау басқармасынан алған күннен бастап төрт күндік мерзімде банктердің сот шешімімен, оның ішінде банкроттық негізінде және ерікті тәртіппен таратылатын тарату комиссияларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары К.А.Колпаковқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

|                             |           |                               |
|-----------------------------|-----------|-------------------------------|
| Қ а з а қ с т а н           |           | Р е с п у б л и к а с ы н ы ң |
| Ұ л т т ы қ                 | Б а н к і | Б а с қ а р м а с ы н ы ң     |
| 2 0 0 1                     | ж ы л ғ ы | 2 8                           |
| қ а з а н д а ғ ы           |           |                               |
| N 419 қаулысымен бекітілген |           |                               |

**Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық " Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы ", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы ", " Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және сот шешімі бойынша, оның ішінде банкроттық негізде және ерікті тәртіппен таратылатын банктердің тарату комиссияларының аралық тарату балансының нысандарын және олардың қосымшаларын, есептерін, еріксіз және еркімен таратылатын банктердің тарату балансын, тарату комиссияларының оларды қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсыну мерзімі мен тәртібін белгілейді.

**Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .**

## 1-бөлім. Аралық тарату балансы

### 1-тарау. Аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін жасау нысаны мен мерзімдері

1. Банк кредиторлары шағым-талаптар (өтініштер) беру үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы бір айлық мерзімде аралық тарату балансын жасайды. Тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасау мерзімі өткен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде оны уәкілетті органға ұсынады.

**Ескерту: 1-тармаққа толықтыру енгізілді- ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .**

2. Тарату комиссиясы аралық тарату балансын осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес 1-нысан бойынша жасайды.

**Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .**

3. Таратылатын банктің аралық тарату балансы мынадай құжаттардың негізінде жасалады :

- 1) банктің жеке есепшоттары, талдау және жинақтау есептерінің тізімдемесі;
- 2) банктің бухгалтерлік және заң құжаттарын, активтерді және міндеттемелерін түгендеу актісі;
- 3) тарату процесінің басындағы банктің балансы;
- 4) тарату процесінің басындағы банктің балансына айналым-сальдо балансы;
- 5) тарату процесінің басындағы банктің баланстан тыс есепшоттары бойынша деректері ;
- 6) тарату процесінің басында осы Нұсқаулықтың N 3 қосымшасына сәйкес жасалған банк кредиторларының тізімі;
- 7) таратылатын банктің кредиторлары берген шағым-талаптарды (өтініштерді ) есепке алу журналы, ол осы Нұсқаулықтың N 4 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған ;
- 8) осы Нұсқаулықтың N 5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің сұралмаған кредиторлық берешегін есепке алу журналы;
- 9) осы Нұсқаулықтың N 6 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің меншік мүлкін есепке алу журналы;
- 10) осы Нұсқаулықтың N 7 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің дебиторлық берешегін есепке алу журналы.

4. Аралық тарату балансына мынадай есеп беру нысандары мен құжаттар қоса беріледі :

1) осы Нұсқаулықтың 3-тармағының 2)-6) тармақшаларында көрсетілген қ ұ ж а т т а р ;

2) осы Нұсқаулықтың N 8 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің тарату процесінің басындағы дебиторларының тізімі;

3) аралық тарату балансына айналым-сальдо ведомосы;

4) таратылатын банктің мүлкін түгендеу актілерінің көшірмесі;

5) аралық тарату балансының барлық баланстық есепшоттарына талдама;

6) осы Нұсқаулықтың N 9 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған банктің аралық тарату балансы бекітілген күнгі баланстан тыс есепшоттар б о й ы н ш а е с е б і ;

7) осы Нұсқаулықтың N 10 қосымшасына сәйкес жасалынған кредиторлар берген шағымдардың (өтініштердің), оларды қарау нәтижелерінің және таратылатын банктің сұралмаған кредиторлары берешектерінің тізбесі;

8) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес жасалған банктің аралық тарату балансына кіретін кредиторлар талаптарының тізілімі;

9) осы Нұсқаулықтың N 13 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған банктің аралық тарату балансына кіргізілген мүліктің құрамы туралы мәліметтер;

10) аралық тарату балансындағы деректерде тарату процесі басталған кездегі баланспен салыстырғанда ауытқулардың бар екендігі туралы осы Нұсқаулықтың N 14 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған мәліметтер;

11) мынадай ақпаратты қамтыған түсіндірме жазбасы:

бірінші кезектегі іс-шараларды жүргізу;

таратудың басынан бастап аралық тарату балансын жасаған күніне, өзгерістердің себептерін көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер бойынша ө з г е р і с т е р ;

дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйі;

таратылатын банктің кепіл және меншік мүлкі;

тарату өндірісін жасауға кедергі болатын негізгі проблемалар. .

**Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.02.16 N 40 , 2008.10.29 N 156 Қаулыларымен .**

## **2-тарау. Банктің аралық тарату балансын және кредиторларының талап тізілімін бекіту**

5. Еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасағаннан кейін осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген есеп беру нысандарымен және құжаттарымен бірге оны бекіту үшін уәкілетті органға

Ұ с ы н а д ы .

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .

6. Еріксіз таратылған банктің тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасағаннан кейін осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген есеп беру нысандары және құжаттарымен қоса оны қарау үшін уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .

7. Ерікті таратылатын банктің аралық тарату балансы және кредиторларының талаптар тізілімі банк акционерлерінің жалпы жиналысында бекітіледі.

7-1. Ерікті немесе мәжбүрлеп таратылатын банктің аралық тарату балансы мынадай жағдайларда бекітуге жатпайды:

- 1) осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбағанда;
- 2) аралық тарату баланстың деректері осы Нұсқаулықтың 3,4-тармақтарында көрсетілген құжаттардың деректеріне сәйкес келмегенінде.

Аралық тарату баланс бекітілмеген жағдайда, уәкілетті орган (банкті мәжбүрлеп таратқанда) немесе банк акционерлерінің жалпы жиналысы (банкті ерікті тартқанда) бұл туралы анықталған бұзушылықтарды, кемшіліктерді жою бойынша себептерді және уәкілетті органға (банкті мәжбүрлеп тарату үшін) немесе акционерлердің жалпы жиналысына (банкті ерікті тарату үшін) бекіту үшін қайталап аралық тарату балансты ұсынудың банктің тарату комиссиясы аралық тарату баланс бекітілмегені жөніндегі жазбаша хабарламаны алған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімді көрсетіп, тарату комиссиясына ж а з б а ш а т ү р д е х а б а р л а й д ы .

Ескерту. Нұсқаулық 7-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007.05.28. N 147 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

8. Банктің тарату комиссиясы бекітілген ерікті таратылатын аралық тарату балансының көшірмесін қосымшаларымен бірге уәкілетті орган ұсынады.

Ескерту: 8-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .

8-1. Еріксіз және ерікті таратылатын банктердің кредиторларының талап ету тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тарату комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы нұсқаулықтың 12-

қосымшасына сәйкес ресімделеді.

Егер кредиторлардың талап ету тізіліміндегі өзгерістер мен толықтырулар бекітілген аралық тарату балансында көрсетілген оның кредиторларының алдындағы банк міндеттемелерінің өзгеруіне әкеліп соқтырса, тарату комиссиясы банк кредиторларының талап ету тізіліміндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күні бір мезгілде таратылатын банктің бухгалтерлік балансын жасайды .

**Ескерту: 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.02.16. N 40 , өзгерту енгізілді - 2007.11.30. N 251 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.**

8-2. Еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясы уәкілетті органға бекіту үшін, ал осы ерікті таратылатын банк қарау үшін (оларды акционерлердің жалпы жиналысы бекіткенге дейін) Нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес ресімделген, және осы Нұсқаулықтың 8-1-тармағына сәйкес жасалған бухгалтерлік баланс, кредиторлардың талап ету тізіліміндегі өзгерістер мен толықтыруларды, мынадай құжаттармен қоса ұсынады:

1) олардың негізділігін куәландыратын құжаттардың көшірмелерімен қоса кредиторлардың талап ету тізіліміне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу себептері туралы түсіндірме жазба;

2) осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес жасалған, аралық тарату балансының және бухгалтерлік баланстың деректерінде пайда болған ауытқулар туралы мәліметтер ;

3) таратылатын банктің бухгалтерлік балансы шоттарының талдамасы.

**Ескерту: 8-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .**

8-3. Ерікті таратылатын банк кредиторларының талап ету тізіліміне бекітілген өзгерістер мен толықтырулардың көшірмесі уәкілетті органға олар бекітілген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде мәлімдеме үшін ұсынылады.

**Ескерту: 8-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .**

## **2-бөлім. Банктің тарату комиссиясының есебі**

### **1-тарау. Банктің тарату комиссиясының**

**ай ішінде істеген жұмысының есебі (ай сайынғы есеп)**

9. Банктің тарату комиссиясы істеген жұмысының ай сайынғы есебіне  
м ы н а л а р к і р е д і :

- 1) таратылатын банктің есепті күнгі балансы;
- 2) таратылатын банктің есеп берілетін күнгі жағдай бойынша осы Нұсқаулықтың N 15 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған баланстан тыс есепшоттар бойынша есебі;
- 3) активтердің есеп берілетін күнгі жай-күйі туралы осы Нұсқаулықтың N 16 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есебі;
- 4) есеп берілетін күнгі міндеттемелердің жай-күйі туралы осы Нұсқаулықтың N 16 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есебі;
- 5) осы Нұсқаулықтың 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп беру кезеңі үшін таратылатын банктің ағымдағы шоты бойынша теңгемен ақша қозғалысы туралы есеп ;
  - 5-1) осы Нұсқаулықтың 18-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп беру кезеңі үшін таратылатын банктің ағымдағы шоты бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы есеп;
- 6) осы Нұсқаулықтың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп беру кезеңі үшін таратылатын банктің касса бойынша теңгемен ақша қозғалысы туралы есеп ;
  - 7) осы Нұсқаулықтың 19-1-қосымшасына сәйкес жасалған есеп беру кезеңі үшін таратылатын банктің касса бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы есеп ;
- 7-1) осы Нұсқаулықтың 20-1-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған есепті күнгі жағдай бойынша таратылатын банктің дебиторлық берешегінің жай-күйі туралы есебі ;
  - 7-2) осы Нұсқаулықтың 22-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған есепті күнгі жағдай бойынша таратылатын банк дебиторларының жоғалған құжаттары бойынша есебі ;
  - 7-3) осы Нұсқаулықтың 24-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған таратылатын банктің кепіл мүлкін есепке алу журналының деректері негізінде осы Нұсқаулықтың 23-1-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған таратылатын банктің кепіл мүлкінің есепті күнгі жай-күйі туралы есебі;
  - 7-4) осы Нұсқаулықтың 25-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған таратылатын банктің меншік мүлкінің есепті күнгі жай-күйі туралы есебі;
  - 7-5) осы Нұсқаулықтың 26-қосымшасына сәйкес жасалған таратылатын банктің кредиторларымен және ағымдағы берешегі бойынша есеп айырысуы туралы есебі ;
- 8) осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп беру кезеңі үшін тарату өндірісіне банктің тарату комиссиясы жіберген

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту мен толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.02.16 N 40 , 2007.05.28. N 147 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.10.29 N 156 қаулыларымен.

10. Ай сайынғы есепке банктегі тарату барысының жай-күйі туралы түсіндірме жазба қоса беріледі, оған мына ақпарат кіреді:

- 1) өзгерістердің себебін көрсете отырып, есепті кезеңде банктің активтері мен міндеттемелері бойынша өзгерістер;
- 2) шағым-талап жұмысының сипаттамасы;
- 3) тарату комиссиясының банктің мүлігімен жұмысы;
- 4) тарату комиссиясының кредиторлармен және банктің ағымдағы борышы бойынша жұмысының сипаттамасы;
- 5) тарату ісіне арналған шығыстар және тартылған қызметкерлердің саны;
- 6) банктің тарату ісін аяқтаудың негізгі кедергілері, проблемалары және перспективалары.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.11.30. N 251 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

11. Есеп берілетіннен кейінгі айдың 1-і ай сайынғы есеп үшін есеп берілетін күн болып табылады.

12. Ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есепті күн болып айлық есептің алдындағы күн болып табылады.

13. Қантар, ақпан, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қазан, қараша айлары үшін ай сайынғы есеп уәкілетті органға мынадай мерзімдерде:

- 1) таратылатын банктің филиалдары болмаған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 6-нан кешіктірілмей;
- 2) таратылатын банктің филиалдары болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 8-нен кешіктірілмей ұсынылады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен.

13-1. Банктің тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 7-1), 7-2), 7-3), 7-4), 7-5), 8) тармақшаларында көзделген есептері тарату комиссиясының бас офисі және оның құрылымдарының бөлігінде ұсынылады.

Ескерту: 13-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29. N 156 Қаулысымен.



## **2-тарау. Банктің тарату комиссиясының бірінші жарты жылдықта істеген жұмысының есебі**

Ескерту: 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29. N 156 Қаулысымен.

14. Бірінші жарты жылдықтың есебіне (бұдан әрі –жарты жылдықтың есебі) мыналар к і р е д і :

1) осы Нұсқаулықтың 20-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған есепті күнгі жағдай бойынша таратылатын банктің дебиторлық берешегін өндіріп алу туралы е с е б і ;

2) осы Нұсқаулықтың 24-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған таратылатын банктің кепіл мүлкін есепке алу журналының деректері негізінде осы Нұсқаулықтың 23-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған таратылатын банктің кепіл мүлкінің есепті күнгі жай-күйі туралы есебі.

15. Жарты жылдық есебіне шағым - талап жұмысының, кепіл мүлікті сату жөніндегі жұмыстың сипатын қамтитын түсініктеме жазбасы қоса беріледі.

16. Жарты жылдық есебінің есепті күні жылдың 1 қаңтары болып табылады.

17. Жарты жылдық есебі уәкілетті органға мынадай мерзімдерде ұсынылады :

1) таратылатын банктің филиалдары болмаған жағдайда – 6 шілдеден к е ш і к т і р м е й ;

2) таратылатын банктің филиалдары болған жағдайда – 8 шілдеден к е ш і к т і р м е й .

Банктің тарату комиссиясының екінші жарты жылдығындағы жұмысы туралы есебі уәкілетті органға берілмейді. Екінші жарты жылдықта істеген жұмысы туралы деректер банктің тарату комиссиясының істеген жұмысы туралы жылдық есебіне енгізіледі.

18. Банктің тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда жарты жылдық есеп тарату комиссиясының және оның бөлімшелерінің бас офісі бөлігінде ұсынылады.

## **3-тарау. Банктің тарату комиссиясының жыл ішінде істеген жұмысының есебі (жылдық есеп)**

19. Банктің тарату комиссиясы істеген жұмысының жылдық есебіне мыналар к і р е д і :

осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 5-1), 6), 7), 7-2), 7-4), 7-5), 8 ) тармақшаларында көзделген құжаттар;

2) осы Нұсқаулықтың 20-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған есепті күнгі жағдай бойынша таратылатын банктің дебиторлық берешегін өндіріп алу туралы е с е б і ;

3) осы Нұсқаулықтың 24-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған таратылатын банктің кепіл мүлкін есепке алу журналының деректері негізінде осы Нұсқаулықтың 23-қосымшасына сәйкес нысанда жасалған таратылатын банктің кепіл мүлкінің есепті күнгі жай-күйі туралы есебі;

4) осы Нұсқаулықтың 29 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есепті күнгі жағдай бойынша таратылатын банктің басшы қызметкерлеріне, борышкерлеріне және тарату комиссиясының басшы қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істері туралы есебі.

**Ескерту: 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29. N 156 Қаулысымен.**

20. Жылдық есепке осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көзделген ақпараты бар банктегі тарату барысының жай-күйі туралы түсіндірме жазба қоса беріледі.

**Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.11.30. N 251 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

21. Жылдық есеп үшін есеп берілетін күн есеп берілетіннен кейінгі жылдың 1 қаңтары болып табылады.

22. Жылдық есеп үшін алдыңғы есеп берілетін күн жылдық есеп алдындағы есепті күн болып табылады.

23. Жылдық есеп уәкілетті органға мынадай мерзімдерде ұсынылады:

1) таратылатын банкте филиалдар болмаған жағдайда - есеп берілетіннен кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей;

2) таратылатын банктің филиалдары болған жағдайда - есеп берілетіннен кейінгі жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей.

**Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .**

23-1. Банктің тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда 9-тармақтың 7-2), 7-4), 7-5), 8) тармақшаларында, 19-тармақтың 2), 3) тармақшаларында көзделген есептер тарату комиссиясының бас офисі және оның бөлімшелерінің бөлігінде ұсынылады.

**Ескерту: 23-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29. N 156 Қаулысымен.**

#### 4-тарау. Тарату туралы есеп

24. Тарату ісі аяқталғаннан кейін:

1) еріксіз таратылатын банктің уәкілетті органмен келісілгеннен кейін тарату комиссиясы сотқа бекіту үшін тарату туралы есеп ұсынады;

2) ерікті таратылатын банктің уәкілетті органмен келісілгеннен кейін тарату комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысына бекіту үшін тарату туралы есеп б е р е д і .

Ескерту: 24-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .

24-1. Тарату комиссиясы тарату жөніндегі есепті сотқа бергеннен кейін, уәкілетті органға ай сайын оның сотта қаралу барысы жөніндегі ақпаратты ұ с ы н а д ы .

Ескерту: 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.11.30. N 251 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

25. Банкті тарату туралы есепте мынадай ақпараттар болуы тиіс:

1) күні және банкті тарату туралы шешімді қабылдаған орган туралы;

2) уақытша басшыны тағайындау (банкті еріксіз таратқан кезде) және тарату комиссиясын құру, тарату комиссиясының құрамын өзгерту туралы;

3) бірінші кезектегі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымдарында банкті тарату туралы хабарландыру жариялау, аралық тарату балансын және банктің кредиторларының тізілімін жасау және бекіту жөніндегі іс-шараларды орындау, банк акцияларының барлық эмиссияларының күшін жою жөніндегі құжаттарға сәйкес уәкілетті органнан алу туралы;

4) банктің кредиторлар комитетін құру, бекіту және жұмыс істеуі туралы;

5) банктің тарату процесі басталған кездегі активтерінің жай-күйі туралы;

6) банктің борышкерлерінен дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы;

7) банктің мүлкін сату бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы;

8) таратылатын есепшот және касса бойынша ақшаның қозғалысы, таратылатын банктің ағымдағы шотындағы ақшаның болмауы туралы;

9) банктің тарату процесі басталған кездегі міндеттемелері туралы;

10) банктің кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің орындалуы туралы.

Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.02.16.

№ 40 , 2006.02.25. № 39 , 2007.11.30. № 251 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

26. Банкті тарату туралы есепке банктің ісін аяқтау бойынша іс-шараларды тарату комиссиясының толық жүргізгенін растайтын құжаттардың көшірмесі қоса берілуі тиіс.

### **3-бөлім. Банктің тарату балансы 1-тарау. Тарату балансының нысаны**

27. Банктің тарату балансы тарату комиссиясы банктің ісін аяқтау бойынша іс-шараларды толық көлемде жүргізгеннен кейін жасалады.

28. Таратылатын банктің тарату балансы осы Нұсқаулықтың 32-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы № 40 қаулысымен .

2 8 - 1 . < \* >

Ескерту: 28-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29. № 156 Қаулысымен.

### **2-тарау. Банктің тарату балансын бекіту**

29. Тарату комиссиясы банк уәкілетті органмен келісілгеннен кейін еріксіз таратылған кезде тарату балансын бекіту үшін сотқа ұсынады.

Ескерту: 29-тармаққа толықтыру мен өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы № 40 қаулысымен .

30. Банк уәкілетті орган қарағаннан кейін ерікті түрде таратылған кезде тарату балансы банк акционерлерінің жалпы жиналысында бекітіледі.

Ескерту: 30-тармаққа толықтыру мен өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы № 40 қаулысымен .

31. Ерікті таратылатын банктің тарату комиссиясы тарату және тарату балансы туралы бекітілген есептің көшірмелерін оларды бекіткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту: 31-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы № 40 қаулысымен .

### 3-тарау. Қорытынды ережелер

32. Уәкілетті орган атқарылған жұмыстарды қарау кезінде есеп беруде көрсетілген ақпаратты тексеру үшін қажет мәліметтер мен құжаттарды тарату комиссиясынан сұрауға құқылы.

Ескерту: 32-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .

33. Барлық журналдар номерленген, тігілген және тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер және оларды толтыруға жауапты тұлға қол қойған болуы тиіс.

34. Есеп және оған қоса берілетін құжаттар осы Нұсқаулықтағы нысандар бойынша және талаптарға сәйкес ұсынылуы, мөрмен расталып, банктің тарату комиссиясының құжатты әзірлеуге жауап беретін қызметкерінің аты-жөні және лауазымы міндетті түрде көрсетіліп, тарату комиссиясының төрағасы және бас бухгалтері қол қойған болуы тиіс.

35. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен реттеледі.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

"Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы

нұсқаулыққа 1-қосымша

1 - н ы с а н  
" Б Е К І Т І Л Д І "

20\_\_жылғы "\_\_"\_\_\_\_\_

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.05.28. N 147 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2008.10.29 N 156 Қаулыларымен.

## Аралық тарату балансы

(таратылатын банктің атауы)

мың теңгемен

| N  | Активтер  | Баланстық шоттардың нөмірлері | Тарату процесінің басында | Есепті күнге | Өзгерістер (5-баған - 4-баған) |
|----|---|-------------------------------|---------------------------|--------------|--------------------------------|
| 1  | 2   | 3                             | 4                         | 5            | 6                              |
| 1  | Ақша  |                               |                           |              |                                |
| 2  | Тазартылған қымбат металдар   |                               |                           |              |                                |
| 3  | Корреспонденттік шоттар   |                               |                           |              |                                |
| 4  | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкке қойылатын талаптар   |                               |                           |              |                                |
| 5  | Бағалы қағаздар   |                               |                           |              |                                |
| 6  | Басқа банктерде орналастырылған салымдар  |                               |                           |              |                                |
| 7  | Басқа банктерге ұсынылған заемдар   |                               |                           |              |                                |
| 8  | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі |                               |                           |              |                                |
| 9  | Филиалдармен есеп айырысулар  |                               |                           |              |                                |
| 10 | Клиенттерге қойылатын талаптар  |                               |                           |              |                                |
| 11 | Басқа бағалы қағаздар   |                               |                           |              |                                |
| 12 | Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары   |                               |                           |              |                                |
| 13 | Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар  |                               |                           |              |                                |
| 14 | Төлемдер бойынша есеп айырысу   |                               |                           |              |                                |
| 15 | Тауарлы-материалдық қорлар  |                               |                           |              |                                |
|    |   |                               |                           |              |                                |

|                         |   |  |  |  |  |
|-------------------------|---|--|--|--|--|
| 16                      | Негізгі қаражат және материалдық емес активтер          |  |  |  |  |
| 17                      | Сыйақы алумен байланысты есептелген кірістер            |  |  |  |  |
| 18                      | Сыйақы мен шығыстардың алдын ала төлемі                 |  |  |  |  |
| 19                      | Есептелген комиссиялық кірістер                         |  |  |  |  |
| 20                      | Мерзімі өткен комиссиялық кірістер                      |  |  |  |  |
| 21                      | Басқа дебиторлар  |  |  |  |  |
| 22                      | Туынды қаржы құралдары бар операциялар бойынша талаптар |  |  |  |  |
| Актив бойынша жиынтығы: |   |  |  |  |  |

| N | Міндеттемелер  | Баланстық шоттардың нөмірлері | Тарату процесінің басында | Есепті күнге | Өзгерістер (5-баған - 4-баған) |
|---|--|-------------------------------|---------------------------|--------------|--------------------------------|
| 1 | Корреспонденттік шоттар  |                               |                           |              |                                |
| 2 | Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары   |                               |                           |              |                                |
| 3 | Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған заемдар   |                               |                           |              |                                |
| 4 | Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар  |                               |                           |              |                                |
| 5 | Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар |                               |                           |              |                                |
| 6 | Овернайт заемдары  |                               |                           |              |                                |
| 7 | Мерзімді салымдар  |                               |                           |              |                                |
| 8 | Филиалдармен есеп айырысу  |                               |                           |              |                                |
| 9 | Клиенттер алдындағы міндеттемелер  |                               |                           |              |                                |

|    |  |  |  |  |  |
|----|--|--|--|--|--|
| 10 | Бағалық қағаздармен " кері РЕПО " операциялары                             |  |  |  |  |
| 11 | Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар                                       |  |  |  |  |
| 12 | Реттелген борыштар   |  |  |  |  |
| 13 | Төлемдер бойынша есеп айырысулар   |  |  |  |  |
| 14 | Банктің сыйақы төлеумен байланысты есептелген шығыстар                     |  |  |  |  |
| 15 | Әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелген шығыстар                    |  |  |  |  |
| 16 | Сыйақыны және кірістерді алдын ала төлеу                                   |  |  |  |  |
| 17 | Есептелген комиссиялық шығыстар  |  |  |  |  |
| 18 | Мерзімі өткен комиссиялық шығыстары  |  |  |  |  |
| 19 | Басқа кредиторлық берешек, оның ішінде талап етілмеген кредиторлық берешек |  |  |  |  |
| 20 | Туынды қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялар бойынша міндеттемелер   |  |  |  |  |
|    | Міндеттемелер бойынша жиынтығы:  |  |  |  |  |
|    | Меншікті капитал   |  |  |  |  |
| 1  | Жарғылық капитал   |  |  |  |  |
| 2  | Қосымша капитал  |  |  |  |  |
| 3  | Жалпы банктік тәуекелдерге резервтер (провизиялар)                         |  |  |  |  |
| 4  | Резервтік капитал және резервтік қайта бақылау                             |  |  |  |  |
| 5  | Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған шығын):                                  |  |  |  |  |
|    |  |  |  |  |  |



|     |   |  |  |  |  |
|-----|---|--|--|--|--|
| 5.1 | Өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайда (жабылмаған шығын) |  |  |  |  |
| 5.2 | Есепті кезеңдегі бөлінбеген таза пайда (жабылмаған шығын) |  |  |  |  |
|     | Меншікті капитал бойынша жиынтығы:                        |  |  |  |  |

**Т а р а т у к о м и с с и я с ы н ы ң**

Төрағасы \_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы телефон \_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)".

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 28 қазандағы  
N 419 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасындағы таратылатын  
банктердің аралық тарату балансының,  
басқа да есептерінің, тарату балансының  
нысандары және тарату комиссияларының  
оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі  
туралы нұсқаулыққа

N 2 Қ о с ы м ш а

N 1Д нысан

**Ескерту: 2-қосымша алынып тасталды - ҚР қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 28 қазандағы  
N 419 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасындағы таратылатын  
банктердің аралық тарату балансының,  
басқа да есептерінің, тарату балансының  
нысандары және тарату комиссияларының  
оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі  
туралы нұсқаулыққа

N 3 Қ о с ы м ш а

N 1-1 нысан

Ескерту: 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.11.30. N 251 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.10.29 N 156 Қаулыларымен.

( б а н к т і ң а т а у ы )

**тарату процесінің басындағы кредиторлардың тізімі**

| Рет N | Ба-ланс есепшотының нөмірі | Кредитордың атауы | Кредитордың мекенжайы | Тарату процесінің басындағы кредиторлық берешек сомасы |                   |         |                |                         |
|-------|----------------------------|-------------------|-----------------------|--|-------------------|---------|----------------|-------------------------|
|       |                            |                   |                       | Ұлттық валютада, мың теңгемен                          | шетел валютасында |         |                |                         |
|       |                            |                   |                       |  | А Қ Ш долларымен  | еуромен | ресей рублимен | басқа шетел валютасында |
| 1     | 2                          | 3                 | 4                     | 5  |                   |         |                |                         |
|       |                            |                   |                       |  |                   |         |                |                         |
|       | Есепшот жиынтығы           |                   |                       |  |                   |         |                |                         |
|       |                            |                   |                       |  |                   |         |                |                         |
|       | Есепшот жиынтығы           |                   |                       |  |                   |         |                |                         |
|       |                            |                   |                       |  |                   |         |                |                         |
|       | Есепшот жиынтығы           |                   |                       |  |                   |         |                |                         |
|       |                            |                   |                       |  |                   |         |                |                         |
|       | Барлығы                    |                   |                       |  |                   |         |                |                         |

Тарату комиссиясының Төрағасы \_\_\_\_\_ ( А т ы - ж ө н і ) \_\_\_\_\_ ( қ о л ы )



(кестенің жалғасы)

| Тарату комиссиясы мойындамаған талаптар |                 |                   |                |                         |  | Кредитор талабына сай тарату комиссиясының мойындағанын (мойындамағанын) айғақтауға негіз болатын құжаттардың атауы | Тарату комиссиясының кредитордың талабын мойындағаны (мойындамағаны) жөніндегі жауабының күні мен нөмірі | Ескерту |                           |
|---|-----------------|-------------------|----------------|-------------------------|--|---|--|---------|---------------------------|
| Шешімнің (хаттама күні және N           | Сомасы          |                   |                |                         |  |   |  |         | Баланс есеп-шоттың нөмірі |
|   | ұлттық валютада | шетел валютасында |                |                         |  |   |  |         |                           |
| АҚШ долларымен                          |                 | еуромен           | ресей рублімен | басқа шетел валютасында |  |   |  |         |                           |
| 7                                       | 8               |                   |                |                         |  | 9   | 10   | 11      | 12                        |
|   |                 |                   |                |                         |  |   |  |         |                           |

/Банк кредиторларының талаптарын/өтініш/ тіркеу журналының соңғы парағы/  
Осы журналда таңбаланған және тігілген \_\_\_\_ парақ бар.

Тарату комиссиясының Төрағасы \_\_\_\_\_  
( А т ы - ж ө н і ) \_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
( А т ы - ж ө н і ) \_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 28 қазандағы  
N 419 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасындағы таратылатын  
банктердің аралық тарату балансының,  
басқа да есептерінің, тарату балансының  
нысандары және тарату комиссияларының  
оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі  
туралы нұсқаулыққа  
N 5 Қ о с ы м ш а  
N 1-3 нысан

Ескерту: 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.11.30. N 251 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.10.29 N 156 Қаулыларымен.

\_\_\_\_\_  
(банктің атауы)

**талап етілмеген кредиттік берешек  
есепке алу журналы**

| N<br>р/с                 | Кредитор-<br>дың атауы | Кредитордан талап етілмеген берешек           |                   |                            |  |  | Баланс<br>есепшотының<br>нөмірі |
|--------------------------|------------------------|---|-------------------|----------------------------|--|--|---------------------------------|
|                          |                        | Сомасы  |                   |                            |  |  |                                 |
|                          |                        | Ұлттық<br>валюта-<br>да, мың<br>теңге-<br>мен | шетел валютасында |                            |  |  |                                 |
| А Қ Ш<br>доллары-<br>мен | еу-<br>ро-<br>мен      |   | ресей<br>рублімен | басқа шетел<br>валютасында |  |  |                                 |
| 1                        | 2                      | 3   |                   |                            |  |  | 4                               |
|                          |                        |   |                   |                            |  |  |                                 |
|                          |                        |   |                   |                            |  |  |                                 |

/Банктің сұралмаған кредиторлық берешегін есепке алу журналының соңғы парағы/

Осы журналда нөмірленген және тігілген \_\_\_\_\_ парақ бар

Тарату комиссиясының Төрағасы \_\_\_\_\_  
( А т ы - ж ө н і ) \_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
( А т ы - ж ө н і ) \_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

Орындаушы \_\_\_\_\_  
( А т ы - ж ө н і ) \_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

телефон

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 28 қазандағы  
N 419 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасындағы таратылатын  
банктердің аралық тарату балансының,  
басқа да есептерінің, тарату балансының  
нысандары және тарату комиссияларының  
оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі  
туралы нұсқаулыққа

N 6 Қ о с ы м ш а

N 1-2 нысан

\_\_\_\_\_ Кредиторлардың талабын (өтінішін) есепке  
(банктің атауы) алу журналы  
мың теңге \_\_\_\_\_

-----

р/с!Мүліктің!Тарату процесінің! Мүлікті түгендеу  
 N ! атауы ! б а с ы н д а !  
 ! !  
 ! Мүліктің!Баланс.!Тарату !Түген.!Түгендеу!Түгендеу!Тара  
 ! !баланс. ! тық !комисси.!деу ак!тізімде.!деректе.!ту  
 ! !тық құны!есепшот! ясының !тісі. ! месіне ! рінің !ко.  
 ! ! ! тың !түгендеу!нің но! сәйкес !есеп де.!мис.  
 ! ! ! номері!жүргізе.!мері !мүліктің!рекертері.!сия.  
 ! ! ! !тін күні! ! болуы !мен ай. !сы  
 ! ! ! ! ! ! ! ырмашы. !қаб.  
 ! ! ! ! ! ! ! лықтары !ылда  
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! ғ а н  
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! ш а р а  
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! л а р

1 2 3 4 5 6 7 8 9 \_\_\_\_\_

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Мүлікті бағалау/қайта ! Мүлікті сату !  
 бағалау ! !  
 Бағалау/!Бағалаушы.!Мүлікті! Баспа !Сауда- !Сатып ! Ақша !Сату!  
 қайта !ның атауы,!бағалау!органының!саттық ! алу- ! түсуін !құны!  
 бағалау !бағалаушы.! құны !атауы жә.!жүргізу! сату !растайтын! !  
 жүргізу !ның баға. ! !не сауда-! күні !шарты.!құжаттың ! !  
 күні !лау қызме.! ! саттық ! және ! ның ! атауы ! !  
